

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОЙЫН СПОРТ ТҮРІНДЕГІ СИПАТТАМАСЫ

Серик Аружан Ринадқызы

beautysouler@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт кафедрасы студенті
Ғылыми жетекші – К.К. Базарбаева

Волейбол ойын ретінде XIX-ғасырдың аяғында пайда болды. Жаңа ойын ережелері баскетбол, теннис және гандбол элементтеріне негізделіп жасалды. Допты тор арқылы алғаш лақтырудан бастап, Олимпиада ойындарында толыққанды жарысқа енгізілгенге дейін 70 жыл өтті. Осылайша, волейбол тарихының келесі маңызды кезеңдерін айтып кетуге болады.

Волейболды американдық Уильям Морган ойлап тапты. Алғашында Морган баскетболдың жеңілдетілген нұсқасын іздестірді.

Жаңа жұмыс орынында Морган белгілі проблемаға тап болды. Сол кезде жаңа шыққан баскетбол ойыны танымал бола бастады. Әсіресе ол балалар мен жасөспірімдер арасында танымал болды, бірақ ойын қарқындылығы мен физикалық күш белсенділігіне байланысты баскетбол аға буын арасында жаппай танымал бола алмады. Морган баскетболға қарағанда, аса агрессивті емес, ойыншылар арасында көп секіру мен ойыншылар арасында көп күш контактілерін қажет етпейтінін ұсынуды көздеді.

Оның ойынша жаңа ойын әр түрлі жасшамасындағы және физикалық мүмкіндіктері әртүрлі адамдардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, кеңсе қызметкерлеріне түскі үзіліс кезінде және жұмыстан кейін демалуға көмектесу үшін ойнауға мүмкіндік беруі керек еді.

Жүктеме деңгейіне сәйкес келетін барлық ойындар тым көп спорттық бейімделуді қажет етті. Морган: «Теннис біздің міндеттерімізге сәйкес келді, бірақ ойынға ракеткалар, доптар, тор және басқа да көптеген жабдықтар қажет болды. Бұл көп жағдайда ойын ойнауға тосқауыл болады. Бірақ бұл жерде ойын идеясының өзі жақсы. Біз торды адамның орташа биіктігінен жоғары болуы үшін 198 см биіктікке көтердік және допты алдық. Алдымен баскетбол добының камерасы қолданылды. Дегенімен, ол тым жеңіл және баяу болды. Содан кейін олар кәдімгі баскетбол добын қолдануға тырысты, ол көлемі үлкен және ауырлығына байланысты сәйкес келмеді», деді.. Ойыншылар допты ұрады - оның пікірінше, бұл ойын атауында көрінуі тиіс. Ағылшын тілінде «volley» ұшып бара жатқан допты соғу, ал, «ball» - доп дегенді білдіреді.

1896 жылы «волейбол» деген атпен жаңа ойын Жасөспірімдер христиан ұйымының ресми ойындар тізіміне енгізілді.

Алдымен волейбол матчтарында қатысушылар саны шектелмеді. Волейбол тарихының бірінші кезеңінде ойынның тек негізгі ережелері жазылды: алаңның өлшемі - 7,6 м-ден 15,1 м-ге дейін, тордың биіктігі - 198 см, шеңбер ұзындығы - 63,5-68,5 см және доптың салмағы - 340 г. Партиялар 21 ұпайға дейін ойнатылды. Қатысушылардың санына шектеу қойылмады. Сондай-ақ, допты тордан асырмас алдын команда жасауы керек болатын допқа жанасу санында да ешқандай шектеу болған жоқ.

Волейбол АҚШ-тың әртүрлі қалаларындағы жасөспірімдер христиан қауымдастығының бөліністерінде тез тарады және қауымдастық тараулары жұмыс істейтін басқа елдерге тарады. АҚШ-тан тыс жерде алғаш рет волейбол 1900 жылы таралды, Канада жаңа ойынды таныды. Бірнеше жылдан кейін Филиппинде, Қытайда, Жапонияда, Мьянмада, Үндістанда, Мексикада адамдар волейбол ойынын ойнады. Жаңа ойын Оңтүстік Америка, Еуропа және Африка елдерінде біртіндеп тарап, дами бастады.

Волейболдың ресми ережелері 1916 жылы пайда болды. 1916 жылы Жасөспірімдер христиан қауымдастығы Ұлттық колледж спорт қауымдастығына волейболды мектептер мен колледж оқушылары арасында таратуды сұрады. Университет ұйымы ережелерге өзгерістер енгізді - қатысушылар санының шектелуін бекітті - екі командада 12 адам және допты ойнау кезінде оған тигізудің максималды саны белгіленді - 3.

Қарапайымдылығына байланысты волейбол тез арада бұқаралық спортқа айналды. 1916 жылы, яғни, құрылғанына 20 жыл өткенде, тек Америкада жаңа ойынмен 200 мың американдық шұғылданды. Бұл көрсеткіш спорт тауарларын өндірушілердің «Спалдинг» журналында жарияланды.

Волейбол ойын алаңы (өлшемдері мен белгілері). Стандартты волейбол алаңының ұзындығы 18 метр және ені 9 метр. Тордың жерден ең биік нүктесі ерлер арасындағы жарыстарында - 2,43 метр, ал әйелдер жарыстарында - 2,24 метр биіктікте орналасқан. Бұл өлшемдерді Халықаралық волейбол федерациясы 1925 жылы бекітті және бүгінгі күнге дейін бұл талап өзекті болып табылады. Ойын алаңының беті горизонтальды, тегіс, біртүстес және жарық болуы керек.

1913 жылы волейбол ресми деңгейге көтерілді. Спорт Манилада өткен Қиыр Шығыс ойындарына енгізіліп, алғаш рет халықаралық жарыстар бағдарламасына көтерілді. Волейбол ойындары онда осы ойындарды ұйымдастырушы Элвуд Браунның ережесі бойынша өткізілді. Атап айтқанда, Браун волейбол тарихында алғаш рет қатысушылар санына шектеу қойды, оған сәйкес алаңда 16 ойыншы болуы тиіс еді.

Волейболдың ресми ережелері 1916 жылы пайда болды. 1916 жылы Жасөспірімдер христиан қауымдастығы Ұлттық колледж спорт қауымдастығына волейболды мектептер мен колледж оқушылары арасында таратуды сұрады. Университет ұйымы ережелерге өзгерістер енгізді - қатысушылар санының шектелуін бекітті - екі командада 12 адам және допты ойнау кезінде оған тигізудің максималды саны белгіленді - 3.

Қарапайымдылығына байланысты волейбол тез арада бұқаралық спортқа айналды. 1916 жылы, яғни, құрылғанына 20 жыл өткенде, тек Америкада жаңа ойынмен 200 мың американдық шұғылданды. Бұл көрсеткіш спорт тауарларын өндірушілердің «Спалдинг» журналында жарияланды.

1920 жылдардың екінші жартысында Болгария, КСРО, АҚШ және Жапония елдерінің ұлттық волейбол федерациялары пайда болды.

1922 жылы Бруклинде алғашқы халықаралық жарыстар өтті, бұл YMCA чемпионаты еді, оған 23 ерлер командасы қатысты.

1925 жылы алаңның заманауи өлшемдері, сондай-ақ волейбол добының өлшемдері мен салмағы бекітілді. Бұл ережелер Америка, Африка және Еуропа елдеріне қатысты болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық волейбол комитеттері арасында әртүрлі елдер арасында жарыстар ұйымдастыра алатын бірыңғай халықаралық ұйым құру туралы сұраныс пайда болды. Мұндай ұйым 1947 жылы құрылды. Ол FIVB деп аталады. FIVB ағылшын тіліндегі - Federation Internationale de volleyball атауының аббревиатурасы. Федерацияға: Бельгия, Бразилия, Венгрия, Египет, Италия, Нидерланды, Польша, Португалия, Румыния, АҚШ, Уругвай, Франция, Чехословакия және Югославия елдері мүше болып кірді.


Халықаралық волейбол федерациясы бірыңғай ойын ережелерін бекітті, ережелерді әзірлеу және жетілдіру жөніндегі комиссия, сондай-ақ төрелік комиссия құрды.

1948 жылы. Құрылғанына бір жылдан кейін, FIVB Италия астанасы Рим қаласында ерлер арасындағы волейболдан алғашқы Еуропа чемпионатын өткізді. 1949 жылы әйелдер арасында дәл осындай турнир ұйымдастырылды. Ол Чехословакияның астанасы Прага қаласында волейболдан ерлер арасында ұйымдастырылған алғашқы әлем чемпионатымен қатар өтті.

Волейболда ойын алаңында еркін аймақ ұғымы бар. Еркін аймақтың өлшемдері реттелген және артқы сызықтардан 5-8 метр және бүйірден 3-5 метр. Ойын алаңының үстіндегі бос орын 12,5 метрге тең болуы керек.

Ойын алаңы екі бүйір және артқы сызықтармен шектеледі, олар алаңның көлеміне сәйкес келеді. Бүйірлер арасында сызылған орта сызықтың осі ойын орнын 9 x 9 м екі тең бөлікке бөледі, ол тордың астынан жүргізілген және қарсыластардың аймақтарын бөліп тұрады. Шабуыл сызығыалаңның әр жартысын ортаңғы сызықтан үш метр қашықтықта жүргізіледі.

Волейбол добының диаметрі 20,4-тен 21,3 сантиметрге дейін, шеңбері 65-тен 67 сантиметрге дейін, ішкі қысымы 0,300-ден 0,325 кг/см²-ге дейін, салмағы 250-ден 270 грамға дейін болуы тиіс. Үш түсті доптарды таңдау ұсынылады, өйткені мұндай допты ойыншылардың ашық түсті киім формасы аясында ажырату оңай.



1-сурет. Волейбол

Волейболда секіру және жүгіру элементтеріқатар жүреді, сондықтан ойыншылар үшін ыңғайлы аяқ киім маңызды атрибут болып табылады. Волейбол ойыны үшін ең қолайлысы, жұмсақ табаны бар аяқ киім. Кейде арнайы қосымша ұлтарак - амортизаторлар қолданылады, олар жарақаттанудың алдын алу үшін өте тиімді.

Буындарды жарақаттан қорғау үшін спортшылар қосымша тізе тізеқап пен шынтаққап пайдаланады.

Спорт құрылымдары. Халықаралық волейбол федерациясы (фр. Fédération Internationale de Volleyball, қысқа. - FIVB) - 220 ұлттық волейбол федерацияларын біріктіретін халықаралық ең беделді федерация. Федерацияның штаб-пәтері Швейцарияның Лозанна қаласында орналасқан.

Еуропалық волейбол конфедерациясы (фр. Confédération Européenne de Volleyball, қысқа. - CEV) - еуропада волейболды басқаратын құрылым. Еуропадағы 55 ұлттық волейбол федерацияларынбіріктіреді.

Қазақстандағы алғашқы волейбол клубтары 1928 жылы пайда болды. Осы жылдар аралығында Қазақстан волейболы 60-қа жуық халықаралық дәрежедегі спорт шеберін және КСРО мен ҚР-ның 200-ден астам спорт шеберлерін тәрбиеледі. Қазақстандық волейбол шеберлері елге көптеген жеңістер сыйлады.

Қазақстанның «Буревестник» командасы 1969 жылы КСРО чемпионы атанды; 1970 жылы «Буревестник» еуропалық чемпиондар кубогын жеңіп алды; 1972 жылы Нина Смолеева КСРО құрама командасы құрамында екі дүркін Олимпиада чемпионы атанды; 1975-77 жылдары Игорь Пильников КСРО жастар құрамасы құрамында екі рет Еуропа чемпионы атанды; 1984 жылы «АДК» әйелдер командасы КСРО чемпионы атағын жеңіп алды; 1985 жылы «АДК»Еуропа Чемпиондар Кубогын жеңіп алды; 1988 жылы Елена Чебукина мен Ольга Кривошеева Сеулдегі Олимпиада ойындарының чемпионы атанды; 1988-90 жылдары «Дорожник» ерлер командасы КСРО-ның соңғы кубогын жеңіп алды; 1992

жылы «Азамат» және «Азия-АДК» командалары Қазақстан Республикасының алғашқы чемпионатының жеңімпаздары атанды; 1993 жылы «Азамат» командасы Азия чемпиондары Кубогының жеңімпазы атанды; 1993 және 1997 жылдары — Қазақстан ерлер және әйелдер құрамалары Орталық Азия ойындарының екі дүркін чемпионы; 1998 жылы «Алма-Динамо» - Азия Чемпионатының күміс жүлдесін иеленді; 2002 жылы - Қазақстан ерлер құрамасы Әлем Чемпионатына қатысты, 2004 жылы Алматылық «Рахат» әйелдер клубы Азия кубогын, 2005 жылы Алматылық «Рахат-ЦСКА» ерлер клубы Азия кубогын жеңіп алды. 2005 жылы Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы Қазақстанның үздік спорт федерациясы болып танылды. 2006 жылы Қазақстанның ерлер және әйелдер құрамалары Әлем чемпионатына қатысты. 2007-2008 жылы Қазақстан әйелдер құрамасы (жылдың үздік 12 ұлттық командасы арасында) «Гран-при» әлемдік сериясына қатысты. 2008 жылы Қазақстан әйелдер құрамасы Бейжіңге Олимпиада ойындарына барды.

Спорттық ойындардың маңызды ерекшелігі - жарыс әрекеттерінің - ойын тәсілдерінің көптігінде. жарыс қызметі процесінде осы әдістерді (бір кездесуде, бірнеше кездесулерде) спорттық нәтижеге (кездесуді, жарысты ұтып алу) қол жеткізу үшін сенімділік, дағдылардың тұрақтылығы және т.б. бірнеше рет орындау қажеттілігімен байланысты.

Спорттық ойындар жалпы орта және кәсіптік білім беру мекемелерінде дене шынықтыру барысында кеңінен ұсынылады: оқу жұмысында бұл баскетбол, волейбол, гандбол, футбол; спорттық ойындар сыныптан тыс дене шынықтыру-спорттық және сауықтыру жұмыстарында, қосымша білім беру жүйесінде де: балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінде, олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектептерінде, балалар мен жасөспірімдер дене шынықтыру клубтарында, түрлі сауықтыру клубтарында, демалыс орындарындағы дене шынықтыру және спорт сабақтарында және т.б. кеңінен орын алған.

Қолданылған әдебиеттер

1. Барбара Л.В., Фергюсон Б.Ж.; Волейбол. - М.: ООО «Издательство АСТ»: «Издательство Астрель», 2004.
2. Белинович В.В. Обучение в физическом воспитании. ФиС 2000.
3. Васильев Г.В. Значение общей физической подготовки для спортсмена. ФиС 2004.
4. Володин В.А. Энциклопедия для детей. Т20 Спорт. – М.: Аванта+, 2001.
5. Голомазов В.А. Волейбол. Учебное пособие для студентов Средних специальных учебных заведений. ФиС, 1998.
6. Доленко Ф.Л. Берегите суставы- 2-е изд.- М.: Физкультура и спорт, 1990.

УДК 796.853.25

16-17 ЖАСТАҒЫ ДЖИУ-ДЖИТСУ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЗІМДІЛІК ДЕНЕ ҚАБІЛЕТІН ЗЕРТТЕУ

Серікова Зарина Қайратқызы

zarina.serikova.31.kz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дене шынықтыру және спорт мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - У.С.Марчибаева

Кіріспе. Көшпелі халықтардың әскери өнерінде соғыс кезінде батырлар жекпе-жегін өткізу дәстүрі өте маңызды орын алды. Майдандағы айқас алдында кәсіби әскерилердің жауынгерлік жекпе-жек айқасын өткізу – өткен ғасырларда барлық халықтардың әскерилер сословиесінің соғыс өнеріне тән ортақ дәстүр болатын. Эпостық қаһармандардың және тарихи